ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 желтоқсан №5165-25-00-2/3449 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.И. Оңласов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойыншаазаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Айнур Мырзабекқызы Байдалиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Айнур Мырзабекқызы Байдалиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Айнур Мырзабекқызы Байдалиевадан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 17.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 23.01.2026, судья Оңласов М.И., 23.01.2026
5165-25-3-1/3415

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **М.И. Оңласов**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И.,
Заңды күшіне енген күні: 23.01.2026, Судья Оңласов М.И., 23.01.2026

5165-25-3-1/3415